



дері,цифрлық сауаттылық /флешка/,русский язык, ағылшын тілі оқулықтары «Е-таңдау» порталы арқылы
лынды.


Мектеп кітапханасында өткен мәдени іс-шаралар:

Қыркүйек айында «Мен оқыған кітапты сен де оқы» жазғы демалыста оқыған кітаптарын жарнамалау акциясы ұйымдастырылды.Шараға 3,6 сынып оқушылары А.Болат пен Болатбекова Жасмин қатысып өздері оқыған кітаптары жөнінде қысқаша мәлімет айтып,достарын кітап оқуға шақырды.

Күтілетін нәтиже: Оқушы кітаптың мазмұнын түсінеді,негізгі ойымен тақырыбын анықтай алады.Кейіпкерлерге мінездеме беріп,олардың іс-әрекетіне баға береді.Өз ойын жүйелі түрде айтып,кітаптан алған әсерімен бөлісе алады. Оқу арқылы адамгершілікке,еңбекқорлыққа және жақсы қасиеттерге тәрбиеленеді.



Мектеп кітапханасында қараша айында 5-7 клас оқушыларының қатысуымен эссе байқауы өтті.Оқушылар өз таңдаған кітаптары туралы ойларын,әсерлерін жазып шығармашылықтарын көрсетті.



Күтілетін нәтиже: Қатысушылардың қазақ ертегілеріне деген қызығушылығы артады,тыңдау және түсіну қабілеті дамиды.

«Мектеп кітапханасы» жобасы аясында «Сүйікті кітабымың кейіпкеріне хат» акциясы бойынша ізілген дауыстап оқу арқылы тіл байлығы молайып, дұрыс сөйлеу мен мәнерлеп оқу дағдылары қалыптасады.

Айқауға 5 сынып оқушылары Ислам Жанерке, Галел Нұрғаним белсене қатысып, өздері сүйіп оқыған шығармалардағы кейіпкерлерге арнап әсерлі хаттар жазды. Оқушылар хат арқылы кейіпкерге өз ойларын білдіріп, өзара сырласты. Бұл-олардың әдеби кейіпкерлермен рухани байланыс орнатуына жол ашты.



Мектеп кітапханасында 24 қазан күні Республика күніне орай «Қазақстан туған елім-ұлы өлкем» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітап көрмесінде Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы туралы, сондай-ақ ел егемендігі тарихы туралы баяндайтын әдебиеттер ұсынылды. Көрмеге қатысқан 3 сынып оқушыларына көрме таныстырылды. Оқушылар Болат Айару, Итжемес Айзере, Медетқызы Айзере т.б «Қазақстан» туралы өлең шумақтарын мәнерлеп оқыды.

Күтілетін нәтиже: Туған жерін, туған елін, халқын құрметтеуге үйренеді, ұлы тұлғалардың суретімен танысады, рәміздерді қайталап еске түсіреді.



№63 жалпы білім беретін мектеп -лицей кітапханасында «Демалыста кітап оқимыз» атты оқушылар арасында акция ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары осы шараға атсалысып қатысты. Кітапхана оқырмандары 4-сынып оқушылары кітапханаға келіп кітаптармен танысып, өздерінің оқыған кітаптары туралы пікір қалдырып, сыныптастарын демалысты бос өткізбей кітап оқуға шақырды.

Күтілетін нәтиже: оқырман өзінің оқыған кітабын басқада оқырмандармен бөліседі, оларға да кітап оқуға қызығушылықтарын тудырады, мүмкіндік беріледі.

аша айында 1-11 класс оқушыларының қолындағы оқулықтардың жағдайын тексеру бойынша «Таза ап» оқулық тазалығын тексеру рейді өткізілді. Рейдтің мақсаты - Оқушыларды оқулықтарды дұрыс және ыпты қарауға үйрету. Балалардың кітапты күтіп ұстауына қатысты келесі қорытынды шығарылды: бастауыш класс оқушыларының оқулықтары жағдайы қанағаттанарлық, орта буын оқушылары кітаптарына қамқорлықпен қарайды, кітаптарын ретке келтіру туралы кейбір оқушыларға ескертулер жасалды. Жоғарғы буын класс оқушылары кітаптың сырты қапталмағандығы анықталып, класс жетекшілерге ескерту айтылды. **Қорытындысы:** Осы жағдайларды ескере отырып сынып жетекшілеріне оқулықтарды дұрыс пайдалану жөнінде оқушыларға және ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу керектігі баса айтылды.



10 желтоқсан күні ҚР Тәуелсіздігі күніне орай «Тәуелсіздік тұғырым» атты танымдық кеш өтті. Шараға 5а, 5б, 6 класс оқушылары қатысты.

Б.Нұрбек, С.Батыр, Ғ.Нұрқаным, С.Айдана, С.Кәусар, М.Файзулла өлең шумақтарын жатқа оқыса, 6а класс оқушысы **Н.Ерасыл** мен **Ж.Бекболатова** «Ер тұран» күйімен «Туған жер» әнін нақышына келтіріп орындады.

Шараға №1 Абай Атындағы қалалық кітапхана қызметкерлері **Ж.Г.Бақытқызы** мен **Қ.Л.Кәрібайқызы** қатысып, «Елдігіміздің рәміздері - Тәуелсіздік» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.

Шара соңында оқушылар кітап көрмесімен, танымдық бейнероликтермен танысып, белсенділік танытты. Патриоттық бағытта викториналық сұрақтар қойылды. Белсенді қатысқан оқушыларға сыйлықтар берілді.

Күтілетін нәтиже:

Тәуелсіздіктің мәні мен құндылығын түсінеді, ұлттық патриоттық сезімдері артады.



Мектеп кітапханасында кітапты көп оқитын және сенімді дос еткен оқырмандарға арналып «Артық білім кітапта» атты оқырман бенефисі өтті. Аталған шараға 3 б сынып оқушысы **Болат Айару** мен 2 в сынып оқушысы **Итжемес Аида** шақырылды. Негізінен әдеби кітаптар мен қазақ ертегілерін көп оқиды. Өздері оқыған кітаптары туралы айтып, сұрақтарға жауап берді. Басқада қатысқан оқушылар өлең шумақтарын оқып, әндер орындады. Шара соңында оқырмандарымызға директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **А.К.Мереевна** алғыс хат табыс етті.

Күтілетін нәтиже: Кітап оқуға деген қызығушылығы артады.

Оқыған кітаптары туралы еркін пікір білдіру, ой бөлісу дағдылары қалыптасады.

Белсенді оқырмандарды насихаттау, өзгелерге үлгі ету.



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында» **Қыста оқы, ойлан, арманда!** шарасы Мақсаты: Оқушылардың қысқы демалыс уақытын тиімді өткізуге ықпал ету, кітап оқу арқылы ой-өрісін кеңейтіп шығармашылық қиялын дамыту. Қатысушы 1 а сынып оқушылары А. Ғұбайдолла, Бекбол Ә, Дінмұхамед К.



Күтілетін нәтиже:

Кітап қоры кітапхана тәртібіне сай орналасқан, техникалық өңделген. Жыл бойы кітап қорының орналасуы, тәртібі тексеріледі. Ағымдағы жаңғырту, жөндеу жұмысы өткізіледі. Негізгі кітап қоры ашық кіруі еркін, оқулық қорына кіруіне жол берілмейді. Кітап қорының сақталу тәртібі бұзылмайды..

Ұсыныс:

1. Мектеп кітапханасына әр пәнге қатысты, қосымша оқитын кітаптар және көркем әдебиеттер қорын молайту.

Кітапханашылар: Алданазарова Л.Д., Бакиева Ж.Ш.